

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 3 (2022)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/DIFL9621>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Ксембаева С. К., *к.п.н., доцент*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Кудышева А. А.,

к.п.н., ассоц. профессор

Оспанова Н. Н.,

к.п.н., доцент

Оралканова И. А.,

доктор PhD

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/DSOS8964>

**К. Б. Ажмолдаева¹, С. Ж. Ибадуллаева²,
*А. Б. Карабалаева³, А. Т. Абенова⁴, Г. С. Балгабаева⁵**

^{1,2,3}Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,

Республикасы, Қызылорда қ.

^{4,5}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

БИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ӨЛКЕЛІК КОМПОНЕНТТІ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Білім беруді модернизациялаудағы өткір мәселе педагог кадрларды даярлау жүйесіндегі өзгерістер болып табылады, оның ішіндегі маңызды аспектілерінің бірі болашақ мамандарды әдістемелік тұрғыдан даярлауды жетілдіру болып табылады. Білім алушы оқу үрдісіндегі басты субъект болғандықтан назардың барлығы оның тұлға ретінде қалыптасып, дамуына аударылады. Осы тұрғыдан алғанда білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жалпы білім берудің басым бағыттарын, яғни оқушы мен мұғалімнің өзара ынтымақтастығы үлгісін оқу үрдісінде қалыптастыру, оның оқыту әдістерінің үйлесімділігі негізінде жүзеге асырылуын анықтап беріп отыр. Бұл басым бағыттар мектепте жаратылыстану пәндері бойынша экологиялық білім беруді жетілдіруге негіз болады.

Педагогикалық процесте биолог студенттерді әдістемелік даярлау жүйесі өлкелік компоненттің оқытылуына назар аударады. Осы төңіректе қазіргі кезде білім беру жүйесінде табиғат заңдылықтары мен қоғам заңдары туралы білім беру жеткілікті түрде байқаудан өткізілген, ал табиғат пен қоғамның өзара байланысы және олардың бір-бірімен үйлесімділік заңдылықтары туралы білім беру әлі де болса жете зерттелмегендігін көрсетіп отыр. Өйткені бүгінгі күнгі табиғат туралы білімді талдауға негізделген экологиялық білім беру халықтың көзқарасын табиғаттың бүліншілік тенденцияға қарай кетіп бара жатқандығын түсіндіруге жеткіліксіз болды. Бұл экологиялық білім мен тәрбие берудің философиясы мен әдіснамасын дүние және ондағы адамның

орны туралы жаңа, біртұтас түсінікке негіздеп қайта құруды қажет етіп отыр. Мақалада Қызылорда өлкесіндегі лалагүлділер тұқымдасына жататын өсімдіктердің таралуы бойынша білім алушыларға сауалнама жүргізіліп, лалагүлділер тұқымдастарының табиғаттағы, әсіресе, адам өміріндегі практикалық маңыздылығы туралы сауалнама жүргізіліп, өлкелік компонент туралы білім деңгейі анықталды. Білім алушылардың жауаптары 4 деңгейлік шкала бойынша бағаланды. Сонымен қатар, лалагүл тұқымдасының өсімдіктерінің практикалық маңызы туралы өлкетану туралы білімі қалыптасқандығы туралы ақпарат келтірілген. Әр мектепте модуль блоктарының белгілі бір саны оқылғаннан кейін, жүргізілген тестілеу бойынша мәлімет талданған. Білім алушылардың жаңа оқыту технологиясы ретінде модульдік білімге деген көзқарасын анықталған.

Мұндай білім беру оқушыларға адам, қоғам және табиғаттың өзара әсерінің негізгі ұстанымдары мен заңдылықтары туралы білімді кеңейтіп беруді талап етеді.

Кілтті сөздер: өлкетану, өлкелік компонент, тұлға, субъект, туған өлке, мектеп, лалагүл, тұқымдас.

Кіріспе

Педагогикалық ЖОО-да биолог студенттерді әдістемелік даярлау жүйесі кәсіптік даярлаудың тұтас жүйесінің ішкі жүйесі ретінде қарастырылады және биология мұғалімдерін оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарына бағынатын өзара байланысты құрылымдық және функционалдық компоненттерді қамтиды.

Мұғалімнің кәсіби стандарты қазіргі мұғалімді ҚР мемлекеттік білім беру стандарттары мен негізгі жалпы білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес және ең бастысы – зерттелетін ғылымның әлемдік мәдениеттегі орнын ескере отырып, пәнді оқыту үрдісін ұйымдастыруға бағыттайды. Биологияны оқытудағы білім беру іс-әрекетінің табиғат пен мәдениеттің құндылықтарымен байланысы, студенттердің биологиялық заңдылықтарды білуіне және оларға жеке мағына беруге жағдай жасау бұл биология мұғалімінің іс-әрекеті, ол өзінің субъективті ұстанымының белсенділігін оқушының субъективті қасиеттерін дамыту жағдайында көрсете білу керек.

Болашақ биолог мұғалімдерді кәсіби даярлау жүйесін жаңғырту мәселелеріне отандық ғалымдар: Ж. Шілдебаев, К. Д. Каймулдинова, Қ. Аймағамбетова, Қ. Жүнісова, Қ. Жұмағұлова өз үлесін қосты [1–6].

Ал, ресейлік ғалымдардың ішінде А. В. Дарьинский, Н. Д. Андреева, М. А. Якунчев, В. П. Соломин, В. В. Пасечник және т.б. ғалымдардың зерттеулері экологияландыру, интеграция, ақпараттандыру, стандарттау тенденциялары арнасында әдістемелік дайындықты жаңғырту мақсатында жүргізілді [7-10].

Тәуелсіз еліміздің әрбір оқушы және студент жастарын отансүйгіштікке тәрбиелеудің сан алуан жолдары бар. Солардың бірі – биологиялық өлкетану жұмыстарын пайдалану арқылы тәрбиелеу екендігі белгілі.

Биологиялық өлкетану – туған өлкенің тірі табиғатын зерттейтін пән. Биологиялық өлкетану келесі міндеттерді қамтиды:

– жануарлар мен өсімдіктер тіршілігіндегі маусымдық құбылыстарды жүйелі түрде бақылау;

– зерттелетін аумақ бойынша жануарлар мен өсімдіктердің таралу заңдылықтарын анықтау;

– туған өлкенің жануарлары мен өсімдіктер дүниесінің биоәртүрлілігімен танысу, табиғи құбылыстарға фенологиялық бақылау жүргізуге және олардың жануарлар мен өсімдіктер әлеміне әсерін анықтауға үйрету;

– табиғи қауымдастықтарды зерттеу және оларды қорғау, экологиялық дүниетанымды қалыптастыру болып табылады [11].

Осы төңіректе біздің зерттеуімізде Қызылорда облысы бірнеше мектептерінің 7-9 сынып білім алушыларының өлкетану материалын білу деңгейін арттыруға: оқу модулінің арнайы әзірленген блоктарынан тұратын мақсатты өлкетану мазмұнымен толықтырылған жеке сабақтарды жүргізу, оны оқу үрдісіне енгізу есебінен қол жеткізу міндеті қойылды.

Ең алдымен, 7-9 сынып білім алушыларының өлкетану білімі деңгейінің өзгеруін, атап айтқанда, Арал маңындағы белгілі бір туысқа жататын өсімдіктердің түрлерін атау қабілетін анықтауға тырыстық. Бұны таңдаудың себебі, ең алдымен, анықтаушы тәжірибенің нәтижелері бойынша білім алушылардың өсімдіктердің тұқымдасы туралы өлкетану білімінің өте төмен деңгейін көрсетіні себеп болды.

Материал мен әдістер

Зерттеу тақырыбы бойынша педагогикалық, философиялық, жаратылыстану ғылымдары бойынша әдебиеттерге анализ жасалынды. Сонымен қатар, зерттеу мәселелері бойынша сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың сұрағы жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылардың өсімдіктерге деген жалпы көзқарасын анықтау міндетін қойды.

Диагностикалық сауалнамада келесі сұрақтар болды:

1 Сізге биология пәні ұнай ма? Таңдалған жауап асты сызылады. (Иә. Жок. Жауап беруге қиналамын).

2 Сізге қоршаған табиғатта ең көп ұнайтын өсімдік?

3 Сен өз өлкенің өсімдіктерін жақсы білесің бе? (Иә. Жоқ. Жауап беруге қиналамын).

4 Сізге басқа өлкеден досың келді. Ол Арал өңіріндегі өсімдіктерді сұрай бастайды, сен сол өсімдіктерді көрсете аласың ба?


5 Арал өлкесінің қандай өсімдіктері Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген?

6 Сіз айналамызда өсетін әртүрлі өсімдіктерді зерттейтін үйірмеге барғыңыз келе ме? (Иә. Жоқ. Жауап беруге қиналамын).

Сауалнаманың бірінші сұрағы жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылардың өсімдіктерге деген жалпы көзқарасын анықтау міндетін қойды. Таңдау үшін жауап берілді – білім алушылар оң немесе теріс жауап беруі керек еді. Алайда, біз олардан нақты жауап алу үшін «жауап беруге қиналамын» жауабын қалдырдық. Тәжірибе соңында келесі 4 сұрақтан тұратын тест жүргізілді.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу жұмыстары барысында Қызылорда облысы жалпы білім беретін мектептердің 8 сынып білім алушыларының жауаптарын талдай келе, біз төмендегі келтірілген нәтижелерді алдық.



Сурет 1 – Білім алушылардың «Бұршақ тұқымдастар» бойынша білім деңгейлері

Диagramманы талдай отырып, біз тәжірибелік және бақылау сыныптарындағы білім алушылардың өлкетану бойынша білім деңгейлерінде


айтарлықтай ерекшелік бар екендігін байқадық. Сонымен, барлық 3 мектептің тәжірибелік сыныптарында III деңгейдегі жауаптардың ең көп саны байқалады, яғни білім алушылар Қызылорда өлкесіндегі бұршақ тұқымдасқа жататын өсімдіктердің 4 түріне дейін атай алды (84 %; 75 %). Сол сыныптарда жүргізілген әртүрлі жұмыстар нәтижесінде (6 %; 15 %), онда білім алушылар 5, 6 және одан да көп түрді атады (IV деңгей). Аймақта тек 6–7 түрі өседі, сондықтан, олар негізінен оқу модулінде де бақылау сыныптарында оқушылардың назары сол өсімдіктерге аударылды.

Аймаққа тән өсімдік тұқымдастарына зерттеу дәстүрлі әдістеме бойынша жүргізілген бақылау сыныптарында ең толық жауап берген білім алушының жауабы II деңгейге жетті, яғни осы үш сынып оқушыларының көпшілігі (57 %; 91 %) бұршақ тұқымдастардың 2-ден астам өкілін атады. III және IV деңгейлердегі жауаптардың саны күрт төмендегенін байқауға болады. Бұл әсіресе тәжірибелік және бақылау сыныптарындағы II және IV деңгейлердегі өзгешеліктер диаграммада айқын көрінеді.

Зерттеу жұмысында жүргізілген екінші тапсырмада қызығушылық тудырды, онда білім алушылар лала тұқымдастардың табиғаттағы, әсіресе адам өміріндегі практикалық маңыздылығын көрсетті. Берілген сауалнамаларды талдау кезінде біз, білім алушылардың жауаптарын 4 деңгейлік шкала бойынша бағаладық.

Жауаптың келесі стандарты анықталды: «Лалагүлдер сәндік» (гүлді) үшін, адам өмірінде дәрілік және тағамдық өсімдік ретінде кеңінен қолданылады, өкінішке орай, олар табиғатта сирек кездеседі және жоғалып кету де қаупі бар.

Осылайша, білім алушылар өз жауаптарында Қызылорда өңірінде өсетін лалагүлдерінің 4 негізгі сипаттамасын бөліп көрсету талап етілді: 1) сәндік (немесе гүлдік); 2) дәрілік; 3) тағамдық (немесе жеуге жарамды); 4) сирек (немесе жоғалып кету қаупі бар). Тиісінше, білім деңгейі осы сипаттамалардың санына байланысты анықталды. Сандық талдау нәтижелері диаграммада көрсетілген.



Сурет 2 – Лалагүлділер тұқымдасының практикалық қолданылуы туралы білім деңгейлері

Кесте мен диаграммадан көрініп тұрғандай, тәжірибелік және бақылау сыныптарындағы білім алушылардың өлкетану білімінің деңгейі айтарлықтай ерекшеленеді. Сонымен, тәжірибелік сыныптарда лалагүл тұқымдасының өсімдіктерінің практикалық маңызы туралы өлкетану туралы білімі IV деңгей бойынша бақылауға қарағанда 2,5 есе жоғары деңгейді көрсетті.


Үшінші сұрақ бойынша білім алушылар лала тұқымдастардың жоғалып кету себептерін айту керек болатын, дегенменен, екі топта ол сұраққа нашар жауап берді, оның себебі, бұл материал оқу модулінде арнайы бөлініп көрсетілмей, тек мұғалімнің әңгімелеуі бойынша берілген болатын. Тәжірибенің соңында, әр мектепте модуль блоктарының белгілі бір саны оқылғаннан кейін, біз тестілеу өткіздік. Бұл тесттің мақсаты білім алушылардың жаңа оқыту технологиясы ретінде модульдік білімге деген көзқарасын білуге арналды.

Осы тәжірибеге барлығы 103 оқушы қамтылып, 1339 жауап алынды. Осы сауалнаманың кейбір нәтижелерін ұсынамыз.

Бірінші сұраққа ұсынылған жауап нұсқаларының ішінен екі мектептің барлық оқушылары «иә» деген оң жауапты таңдады. Осылайша, 103 оқушының 91-жауап берді, бұл тестіленушілердің жалпы санының 87,3 % құрады. Демек, оқушылардың тек 13 % теріс жауап берді немесе белгілі бір жауапты таңдамай, «білмеймін» – деп өз нұсқасын жазды. Бұл нәтижелер

Біз таңдаған тәжірибелік сыныптардың барлық білім алушыларын оқу модулімен жұмыс істеген ұнайтындығын көрсетті.

Білім алушылар оқу тәжірибесі барысында берілген тапсырмаларды үлкен қызығушылықпен орындады, бұл біздің педагогикалық тәжірибеміздің оң нәтиже бергендігін көрсетеді.



Сурет 3 – Білім алушылардың оқу модульдерімен жұмыс істеу ерекшеліктеріне көзқарасы


Кесте мәліметтерінен көрініп тұрғандай, оқушылардың көпшілігі оларға оқу модулінің мазмұнынан жаңа қызықты материалды (43 %) білу мүмкіндігі ұнады деп жауап берді; өз бетінше жұмыс істеу және өздері үшін ең қолайлы жұмыс қарқынын таңдау мүмкіндігі оқушылардың бірдей санына (22%–18%) және шамамен 5% ұнады.

Білім алушылар өздерінің көзқарасы бойынша модульдік оқытуды дәстүрлі әдістермен салыстырғанда басқа да мүмкіндіктері бар екендігіне назар аударды.

Олар келесі мүмкіндіктерді атады: «Модульдер үлкен инновациялық сипатқа ие», «мұнда бәрі компьютердегідей анық», «оқулықта жоқ материалдар көп», «жұмыс істеу оңай» және басқалар.

Сондай-ақ, көптеген білім алушылар дисертант ұсынған сұрақтарға бір емес, екі жауапты таңдағанын атап өткен жөн, бұл олардың оқу модулімен жұмыс істеуге деген шынайы қызығушылығын көрсетеді.

Тесттің үшінші сұрағында, бірінші сияқты, тек екі жауап – оң және теріс таңдау болды. Осы кезеңде біз ұсынған 103 оқушының 69 «жоқ» деп жауап берді, яғни оқу модулімен жұмыс кезінде олар қандай да бір нақты қиындықтармен кездескен жоқ. Бұл жауап берушілердің жалпы санының 67% құрады. Қалған 33 %, яғни білім алушылардың үштен бірі оқу жұмысы барысында кездескен қиындықтарға кездескендіктерін атап өтті, олар төртінші сұрақтың жауаптарында, олардың сандық талдауы диаграммада келтірілді.



Сурет 4 – Білім алушылардың оқу модульдерімен жұмыс істеудегі қиыншылықтары

Кестенің сандық көрсеткіштерінен көрініп тұрғандай, білім алушылардың көбі негізгі қиындық ретінде жұмысты аяқтауға уақыттың жетіспеушілігін көрсетті (103 адамнан 20 адам), ол сауалнама қатысқандардың жалпы санының 1/5 бөлігін құрайды. Өз жауаптарында жеке білім алушылар: «Өсімдіктердің жеке атауларын айту қиын», «Материалды есте сақтау қиын болды», «Мұғалімді тыңдау ұнайды», «Тұқымдас белгілерін қайта жазу қажет болған кезде, есте сақтау қиын болды» деген жауаптарды көрсетті.

Қорытынды

Биологиялық өлкетану материалдарын пайдалану білім алушылардың биология негіздерін сәтті меңгеруіне ықпал етеді, жалпы білім деңгейін қамтамасыз етеді, олардың зияткерлік дамуына ықпал етеді, олардың қоршаған әлем туралы түсініктерін қалыптастырады, сонымен қатар қарым-

қатынас үрдісін жандандыруға ықпал етеді, өз өлкесінің қоғамдық-саяси және экономикалық өміріне қызығушылықты оятуға және дамытуға, туған жерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуге, бізді қоршап тұрған барлық тіршілік иелеріне қамқорлық жасауға көмектеседі.

Оқу-тәрбие үрдісінде және оқытушының сыныптан тыс жұмысында өлкетану материалы биология курсының кез-келген тақырыбын оқу кезінде, табиғатқа экскурсия жүргізу кезінде, білім алушылардың жазғы практикалық тапсырмаларды орындау кезінде, олимпиадаларды өткізу кезінде және т. б. сабақта орын алуы мүмкін.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Чилдибаев, Ж. Б., Аманбаева, М. Б.** Экологияны оқыту технологиясы. [Мәтін] – Алматы : Қарасай, 2015. – 252 б.
- 2 **Каймулдинова, К. Д.** Географиялық елтанудың әдістемелік мәселелері [Мәтін] // География және табиғат. – Алматы, 2013. – 32 б.
- 3 **Аймағамбетова, Қ. А.** Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... дис.: – Алматы, 1998. – 322 б.
- 4 **Жүнісова, К., Әлімқұлова, Р., Жұмағұлова, Қ. Ә.** Биология. Оқыту әдістемесі. – Алматы : Атамұра, 2002. – 119 б.
- 5 **Жүнісова, К.** Биология курсы қандай болуы тиіс [Мәтін] // Қазақстан мектебі. Биология және химия. – Алматы, 1996. – № 1. – Б. 7–14.
- 6 **Даринский, А. В.** Региональный компонент содержания образования. [Текст]. – М. : Педагогика, 1996. – № 6. – С. 18–20.
- 7 **Андреева, Н. Д.** Система эколого-педагогическая образование студентов биологов в педагогическом вузе. [Текст] / Н. Д. Андреева: дисс. докт. пед. наук. 13.00.08. – СПб., 2000. – С. 320.
- 8 **Якунчев, М. А.** Интеграция как принцип определения содержания естественно-научного материала в системе формирования экологической культуры школьников [Текст] / М. А. Якунчев, И. Ф. Маркинов // Интеграция образования. – 2006. – № 3. – С. 31–34.
- 9 **Соломин, В. П.** Теория и практика многоуровневого естественнонаучного образования в системе педагогического университета: дисс. в виде научного докл. ... докт. пед. наук: 13.00.08. – СПб., 2000. – С. 67.
- 10 **Пасечник, В. В.** Теория и практика организации учебно-познавательной деятельности учащихся в процессе обучения биологии. Дисс. докт. пед. наук. – М., 1994. – 269 с.

11 **Скоркина, О. В.** Использование элементов регионального компонента на уроках биологии // [Текст] Преподавание биологии. – Издательский дом «Первое сентября». – 2013. - № 1. – С. 16–17.

REFERENCES

1 **Childibaev, Zh. B., Amanbaeva, M. B.** Ekologiyany oqytu tehnologiyasy [Technology of teaching ecology]. – Almaty : Qarasai, 2015. – 252 p.

2 **Kaimuldinova, K. D.** Geografiyalyq eltanudyń ádistemelik máseleleri [Methodological problems of geographical country studies] //Geografiya zháne tabigat. – Almaty, 2013. – № 1.

3 **Aimagambetova, K. A.** Bastauysh synyptarda dýnietanudy oqytudyń gylymi - ádistemelik negizderi: ped. gyl. dokt. [Scientific and methodological bases of teaching worldview in primary school: ped. science Ph.D] ... dis.: 13.00.01, 13.00.02. – Almaty, 1998. – 322 p.

4 **Zhynisova, K., Álimqulova, R., Zhumagulova, Q. Á.** Biologiya. Oqytu ádistemesi [Biology. Teaching methods]. – Almaty: Atamura, 2002. -119 p.

5 **Zhynisova, K.** Biologiya kursy qandai boluy tiis [What should be the course of biology] // Qazaqstan mektebi. Biologiya zháne himiya. – Almaty, 1996. – № 1. – P. 7–14.

6 **Darinskii, A. V.** Regionalnij komponent sodержaniya obrazovaniya [Regional component of the content of education]. – M. : Pedagogika, 1996. № 6. – P. 18–20.

7 **Andreeva, N. D.** Sistema ekologo-pedagogicheskaya obrazovanie studentov biologov v pedagogicheskom vuze [The system of ecological and pedagogical education of students of biologists in a pedagogical university] / N.D.Andreeva: diss.dok.ped.nauk. 13.00.08. – SPb, 2000. – P. 320.

8 **Yakunchev, M. A.** Integraciya kak princip opredeleniya sodержaniya estestvenno-nauchnogo materiala v sisteme formirovaniya ekologicheskoi kultury shkolnikov [Integration as a principle for determining the content of natural science material in the system of formation of ecological culture of schoolchildren] [Text] / M. A. Yakunchev, I. F. Markinov // Integraciya obrazovaniya. – 2006. – N 3. – P. 31–34.

9 **Solomin, V. P.** Teoriya i praktika mnogourovnevo estestvennonauchnogo obrazovaniya v sisteme pedagogicheskogo universiteta [Theory and practice of multilevel natural science education in the system of a pedagogical university] : diss.v vide nauchnogo dokl...dok.ped.nauk: 13.00.08- SPb. 2000. p.67.

10 **Pasechnik, V. V.** Teoriya i praktika organizacii uchebno-poznavatelnoi dejatel'nosti uchashhihsya v processe obucheniya biologii [Theory and practice of

organizing educational and cognitive activity of students in the process of teaching biology]. Diss.dokt. ped.nauk. - M., 1994. – 269 p.

11 **Skorkina, O. V.** Ispolzovanie elementov regionalnogo komponenta na urokah biologii [Using elements of the regional component in biology lessons] // Teaching Biology – Izdatelskii dom «Pervoe sentjabrja». – 2013. – № 1. – P. 16–17.

Материал 14.09.22 баспаға түсті.

*К. Б. Ажмолдаева*¹, *С. Ж. Ибадуллаева*², **А. Б. Карабалаева*³, *А. Т. Абенова*⁴,
*Г. С. Балгабаева*⁵

^{1,2,3}Қызылординский университет имени КORKЫТ ата,

Республика Казахстан, г. Кызылорда;

^{4,5}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 14.09.22.

ОСОБЕННОСТИ ИЗУЧЕНИЯ РЕГИОНАЛЬНОГО КОМПОНЕНТА В ПРОЦЕССЕ БИОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Острой проблемой модернизации образования являются изменения в системе подготовки учителей, одним из важнейших аспектов которой является совершенствование методической подготовки будущих специалистов.

Поскольку обучающийся является главным субъектом в образовательном процессе, все внимание уделяется формированию и развитию его личности. С этой точки зрения государственная программа развития образования определяет приоритетные направления общего образования, то есть формирование модели взаимного сотрудничества учащегося и учителя в процессе обучения, ее реализацию на основе совместимости методов обучения. Эти приоритеты являются основой для улучшения экологического образования по естественным наукам в школе.

В педагогическом процессе система методической подготовки студентов-биологов ориентируется на подготовку регионального компонента. В этом контексте показано, что в современной системе образования в достаточной мере соблюдается образование о законах природы и о законах общества, а образование о взаимоотношениях природы и общества и законах их гармонии друг с другом изучено недостаточно. Потому что сегодняшнего

экологического образования, основанного на анализе знаний о природе, было недостаточно, чтобы объяснить отношение людей к тому, что природа движется в сторону деструктивных тенденций. Необходима реконструкция философии и методики экологического образования и воспитания на основе нового, единого понимания мира и места человека в нем. В статье проведен опрос среди студентов о распространении растений семейства лилейных в Кызылординской области, проведен опрос о практическом значении семейства лилейных в природе, особенно в жизни человека, уровне знаний о определялась региональная составляющая. Ответы студентов оценивались по 4-х бальной шкале. Кроме того, имеются сведения о формировании у местного населения знаний о практическом значении растений семейства лилейных. После прочтения определенного количества блоков модулей по каждой школе анализировались данные о проведенном тестировании. Определено отношение студентов к модульному обучению как к новой технологии обучения.

Такое образование требует от учащихся расширения знаний об основных принципах и законах взаимодействия человека, общества и природы. В этой области одной из основных задач биологического образования является ознакомление школьников с местными видами растений, их распространением и природным значением.

Ключевые слова: краеведение, региональный компонент, человек, предмет, родной край, школа, лилия, семья.

*K. B. Azhmoldayeva¹, S. Zh. Ibadullayeva², *A. B. Karabalayeva³, A. T. Abenova⁴, G. R. Balgabayeva⁵*

^{1,2,3}Korkyt ata Kyzylorda University,
Republic of Kazakhstan, Kyzylorda;

^{4,5}Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 14.09.22.

FEATURES OF REGIONAL COMPONENT LEARNING IN THE PROCESS OF BIOLOGICAL EDUCATION

An acute problem in the modernization of education is changes in the system of teacher training, one of the most important aspects of which is the improvement of methodological training of future specialists.

Since the learner is the main subject in the educational process, all attention is paid to his personality formation and development. From this point of view, the state program for the development of education determines the priority directions of general education, that is, the formation of a model of mutual cooperation between the student and the teacher in the learning process, its implementation based on the compatibility of teaching methods. These priorities are the basis for improving environmental education in science subjects at school.

In the pedagogical process, the system of methodical training of biologist students focuses on the training of the regional component. In this context, it shows that education about the laws of nature and laws of society has been sufficiently observed in the modern education system, and education about the relationship between nature and society and the laws of their harmony with each other has not been studied enough. Because today's ecological education, based on the analysis of knowledge about nature, was not enough to explain the attitude of the people to the fact that nature is moving towards destructive tendencies. It is necessary to reconstruct the philosophy and methodology of environmental education and education based on a new, unified understanding of the world and the place of man in it. In the article, a survey was conducted among students on the distribution of plants belonging to the lily family in Kyzylorda region, a survey was conducted about the practical importance of the lily family in nature, especially in human life, and the level of knowledge about the regional component was determined. The answers of students were evaluated on a 4-level scale. In addition, there is information about the formation of local knowledge about the practical importance of plants of the lily family. After reading a certain number of module blocks for each school, data on the conducted testing was analyzed. The students' attitude towards modular education as a new teaching technology is determined.

Such education requires students to expand their knowledge about the basic principles and laws of interaction between man, society and nature. In this area, one of the main problems of biological education is to acquaint schoolchildren with local plant species, their distribution and natural significance.

Keywords: local lore, regional component, person, subject, native land, school, lily, family.

Теруге 14.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. кол қойылды.

Электронды баспа

3,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 24,6.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Т. Оразалинова

Тапсырыс № 3976

Сдано в набор 14.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

3,23 Мб RAM

Усл.п.л. 24,6. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. Оразалинова

Заказ № 3976

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz